

УДК 82.91

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ МЕН ЮНУС ЭМРЕНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СУФИЗМ БАҒЫТЫ

Бейсен Медина

medinabeisen07@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, түркітану кафедрасы, 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетешісі – PhD, доцент м.о. Г. Жиёмбаева

Аталған мақалада Абай Құнанбайұлы мен Юнус Эмре еңбектеріндегі суфизмге байланысты діни-философиялық көз-қарастары зерттеледі. Сопылықтың мәнінің философиялық аспектілерін зерттей отырып, зұлымдыққа, зорлық-зомбылыққа, соғыстарға, фанатизмге қарсы күрес, әділеттіліктің салтанаты, жеке адамдар мен бүкіл халықтар арасында достық орнату туралы көптеген идеялар мен ойларды табуға болады. Бұл тұрғыда бұл мәселенің дамуы ғылыми және мәдени құндылықтардан басқа саяси маңызға ие екендігіне көзіміз жетті.

Суфизм (сопылық) — исламдағы “құпия” ағым, классикалық араб-мұсылмандық пәлсапасының негізгі жолдарының бірі. Негізінде, «суфизм» мен «сопылық» деген сөздердің әрқайсысының әртүрлі мағынасы бар. “Сопы” деп қазақта дін жолына түскен, шариғат заңдарын берік орындаушы адамды айтады. Ал суфизм сөзі біріншіден, “суф” - сөзі арабтікі, ол – жүннен тоқылған ебедейсіз киім деген мағынаны білдіреді. “Суфи” деп осындай киім киген адамды айтады. Екіншіден, суфизм сөзін дервишизм алмастырады, «дервиш» (дәруіш) парсыша «ашық есік», яғни хаққа есік ашық деген сөз. Дәруіш - мұсылман монахы, ол белгіленген діни-этикалық қағидаларды орындаушы адам.

VIII-IX ғасырларда пайда болған араб халифаты елдерінде кең таралған діни-мистикалық ілім. Құдайдың хақтығына шек келтірмей, ол айналадағы заттар мен құбылыстар оның эмоциясы дей отырып, суфизм сопылық дәстүр ізбасарлары өмірдің ең жоғарғы мақсаты адам жанының құдаймен бірігуі деп жариялап, жер бетіндегінің бәрінен қол үзуді талап етті. Абай негізінен суфистер философиясы арқылы, одан бергілері Плутоң шығармасы бойынша оқып, өз білімін кеңейткен.

“Жетілген адамды” тәрбиелеп шығару – суфизмнің мақсаты болды. Ондай адам дүниедегі мүлікке қызықпайды, ол өзіне тән табиғи қасиеттерден жоғарылай біледі. Бұдан бөлек суфизм тек адамдарды шабыттандырып қана қоймай, эстетика, этика, әдебиет пен өнерде өзінің үлкен үлесін қосқан болатын. Сопылық қағидаттарын іске асыру арқылы адам өз жанының сенім, кішіпейілділік (іслям), шыдамдылық (сабр),

қанағат (рида), үміт (тавакуль) сияқты жасырын қасиеттерін жүзеге асыра алады және төзбеушілік, мақтаншы, сараңдық сияқты жасырын рухани жамандықтармен күреседі.

Ал Қазақстандағы сопылық тарихының ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тамыры бар. Абай танымындағы сопылық қазақ жеріндегі ислам дінінің таралуы 1103 жылы Сайрам қаласында сопылық отбасында дүниеге келген, Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты. Ол сопылық дүниетанымның бас тұлғасы, Орта Азия мен бүкіл түркі әлеміндегі із қалдырушысы болып табылады.

Абай Құнанбаев (1845-1904жж) қазақ ақыны, ағартушы, гуманист, ойшыл-философ. Абай дүниетанымы көркем образдар нақышымен өрнектелген. Оның еңбектерін оқығанда түрлі діндердегі философиялық қағидалармен таныс болғаны сезіледі. Абай имандылық пен адамгершілік философиясын дамытты. Өйткені адам проблемасы оның дүниетанымының өзегі болды. Абай еңбектерінде “Алла” деген сөз жиі кездеседі. Ол 3 мәнде қолданылған. 1. Онтологиялық. 2. Космогониялық 3. Гносеологиялық тұрғыда. Абай өз шығармаларында Алла мен адамды қатар қойған.

Сол кезеңде тасаввуф («сопылық») термині пайда болып, сопылық терминология қалыптаса бастады. Абай Құнанбаев ғашықтық лирика жанрындағы сопылық поэзияға қызығушылық танытып, оны «ұлттандыруды» көздеген. Бірақ қазақ халқы сопылық поэзияны Қожа Ахмет Ясауи хикметтерімен байланыстырды және оның философиялық ойлары философиялық лирикада көбірек айтылады деп ойлады.

Абай Құнанбайұлының нақты он үшінші мен отыз сегізінші қара сөзінен мысал келтіруге болады. Ең біріншіден, екі қара сөзде де Абай адамдардың Аллаға деген, имандарына деген қарым – қатынасы туралы терең ойға батады.

Он үшінші қара сөзде адам иманың сынға алып тұр. “Иман деген - алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ”. Абай Құнанбайұлы осы қара сөзіне үлкен жауапкершілікпен қарап, халық түсінсе екен деген оймен жазған сияқты. Өйткені ең алдымен иман деген не деген сұраққа жауап беріп, оның түрлерін түсіндірді. Одан кейін таза сенім үшін адамда қандай мінез – құлық қалыптасу керектігін де айтты. Яғни, бұны оқитын адам Абайдың өсиетінің түпкі мән – мағанасын түсінетініне күмәнім жоқ.

“Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз?”, -деп оқырманға иманның қандай болуы керектігі туралы ой салғызып отыр. Ал отыз сегізінші қара сөзі нақты Алланың адамға махаббаты туралы айтады. “Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрик адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?”, – деп адам өзінің жаратушысына деген махаббатың болуы міндетті екендігін адамзатқа еске түсірткісі келеді. “Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан”, - деген екен Абай атамыз, одан әрі адамның өзін өзі көрсетуі туралы сөз қозғайды, осында да суфизм көрінеді. Өйткені, адам баласы біреуден өзгешілікпен көзге ұрмау керектігін, біреу біреуді кемсітіп өзін көтермеу керектігін де айтады. Маған осындай сөздері суфиердің өмір салтын есіме түсіріп тұр.

Юнус Эмре XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында, яғни Селжук мемлекетінің соңғы кезеңінде Анадолуда өмір сүрді. Ол кез Анадолуның ең бір қиын-қыстау кезеңі еді. Сондай кезеңде көшу процесі де оңайға соқпады, талай қан төгілді. Одан соң крест жорықшыларының шабуылы басталды. Олар Анадолудағы талай тарихи байлықты, рухани жәдігерлерді қиратып кетті. Осындай келеңсіз жағдаяттар тек қана саяси және экономикалық мәселелердің пайда болуына ғана емес, теріс ағымдар мен құдайсыз сенімдердің кең етек алуына да себепші болды. Осылайша, халық діни сенім-нанымынан күдер үзіп, ертеңгі күнге күмәнмен қарай бастады. Осы кезде Юнус

Эмре түрік тілінде жырлап отырып, ана тілін толғаныстың (тафаккур) тіліне айналдырып, адам баласын жақсылыққа, сұлулыққа және турашылдыққа шақыратын сопылық мәдениеті арқылы ынтымақ пен бірлікті насихаттаған өте ықпалды ақын болатын.

Юнус Эмре өлеңдерінде адамның Құдаймен қарым-қатынасы, жалпыадамзаттық құндылықтар, адамдар мен әлеуметтік әлем арасындағы қарым-қатынас туралы жиі айтылады - осы тақырыптардың барлығы сопылық ойдың негізі болып саналады. Юнус Эмренің өлеңдері түрік ақындарын ұзақ уақыт бойы шабыттандырды, соның ішінде 20-шы ғасырдың Түрік Ренессансы кезінде де.

Юнус Эмренің өлеңдері, бір қарағанда, өте қарапайым болып көрінсе де, ақынның өте қиын және терең ойлы сопылық ұғымдарды түсінікті және нақты сипаттауы онын қабілетін көрсетеді. Оның замандасы парсы ұстазы, аты әйгілі ақын-суфий, Мевляна Джалал ад-Дин Мухаммад Руми көбінде өз еңбектерің сол кездегі ауқатты отбасыларда ғана кеңінен қолданылған парсы тілінде жазса, Юнус Эмре мұндай идеяларды бірінші болып өзінің ана тілінде, яғни түрік тіліне жақын тілде, ескі түрік немесе анадолы деп аталатын тілде жазды. Сол кезде бүкіл халықтың қолданысында болған. Ол өз өмірін шабыттандыратын ілімдердің поэтикалық пішінге ие болуына және қарапайым адамдарға түсінікті болуына арнады. Сондықтан қарапайым халық ішінде және уақыт өте, көршілес елдерде де танымал болды, оның ішінде сонау Балқан түбегі, Мажарстан, Алмания, Америка елдері.

Мысалы, Юнус Эмренің тікелей Мұхаммед жайлы “Аты әдемі, өзінің сұлу Мұхаммед атты өлеңінде жазды”.

Сенің жолыңа құрметті құрбандық,
Аты әдемі, өзінің сұлу Мұхаммед,
Мына құлға қамқор бол,
Аты әдемі, оның сұлу Мұхаммед
Сенетіндер көп, ақыретте рахат
Он сегіз мың әлемнің Мұстафасы,
Аты әдемі, оның сұлу Мұхаммед...

Менің ойымша, осы еңбегінде Юнус Эмренің Мұхаммед пайғамбармен тамсанып, оны өзі үшін мысалға алып тұрғаның “Аты әдемі, өзінің сұлу Мұхаммед” деген өлең атауы мен өлең шумақтарынан байқауымызға болады. Алла сүйіспеншілігін, адам махаббатын, сағыныш пен айырылысуды, өлім мен өмірді Юнус Эмре нәзік сезіммен жырлаған. Ғалам – Алланың бір жартақан ізі. Яғни барлығы бір Алланикі деп оған махаббатымыз шеесіз болу керек екені туралы, біз өзіміздің осы өмірде дұрыс орнымызда болу керек екенімізді жазған. Бұл түсінікке қарсы шығатын және кедергі болатын нәпсі.

Мен жүремін жақындап ,
Ғашықтық - тікен қанатты .
Ақылды да емеспін , диуана да ,
Тамсанып күнде тан атты .
Көрсеңші , ғашықтық мені не етті ?
Кейде желдей есемін ,
Кейде жолдай тозамын .
Буырқанып жағаға ,
Толқындай жүйткіп озамын .
Көрсеңші , ғашықтық мені не етті ?
Ғапылдықтар шайкалтады ,
Жанкадай жаным калкыды .
Күйзелтеді жер құшқан ,
Жезкиіктін калдығы ...
Көрсеңші , ғашықтық мені не етті ?

Ал осы шығармасында оның махаббаты оған қалай әсер еткені туралы екенін аңғармыз. Ол дәл осындай махаббат нәтижесінде күші молайып толқындай жүйткіп озады, яғни оған махаббат біресе күш береді, біресе ол олдай тозып кетеді, Юнус Эмре өзінің суфистік өмір жолындағы шыдымдылығын, төзімділігін көрсетіп тұр деп түсінуге болады.

Түп нұсқасында бұл өлең шумақтары осындай:

BEN YÜRÜRÜM YANA YANA IŞK BOYADI BENİ KANA

Ben yürürem yana yana ışık boyadı beni kana

Ne âkilem divâne gel gör beni ışk n'eyledi

Ceh eserem yeller geh tozaram yollar gibi

Ceh akaram seller gibi gel gör beni ışk n'eyledi

Akar sulaym çağlaram derdlü ciğerüm dağlaram

Şeyhüm anuban ağlar gel gör beni ışk n'eyledi

Сопылықтың тарихи-философиялық мәнін зерттеу және жан-жақты зерттеу қазіргі кезде діни фундаментализм исламды өзінің жеке саяси мақсаттары үшін қолдануға тырысатын кезде ерекше маңызды.

Абай Құнанбайұлы тек өз дәуірі үшін ғана емес, дәл қазіргі күні де өзекті мәселелерді, яғни жалпы адамзаттық мәселелерді көтерді. Оның философиясы сопылық идеяларына толы болды. Юнус Эмре дүниетанымының іргетасы анық дервишизм болып табылады, бұл ілімнің негізгі мақсаты моральдық-этикалық адамның кемелдігі, осы арқылы – оның «Құдай мен Мәңгілік» атты еңбегі жазылған. Бұл екі түркітілдес халықтардың ұлы ойшылдарының болашақ жастарға деп қалдырған өсиеттері деп білемін. Олар жалпы түркі тілес халықтарының әдебиетінің дамуында жарқын із қалдырған танымал тұлғалар болды.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Машани әл-Фараби және Абай.- Алматы: "Алатау" баспасы, 2005. - 296 б.
2. Абайдың қара сөздері. Абай Құнанбайұлы, Дәурен Қастеев. Алматы, 2020. 196 б.
3. Әдебиет порталы, Мұстафа ӨЗЧЕЛИК. Юнус Эмре – көркем мінез жыршысы. Аударған Мәлік Отарбаев. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19874>
4. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік / құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева. - Алматы : Паритет, 2004. - 320 б. - ISBN 9965-663-58-0.
5. Жырлар = Şiirler [Мәтін] : [Өлеңдер "Yunus Emre Divani ve Şerhi-Tanri'nin Nefesi" кітабынан таңдалып алынған] / Юнус Эмре,; [ауд. М. Отарбаев] - Алматы : Ан-Арыс, 2018 . - 447 б. – 1000 дана.– 978-601-7337-19-4 (мүк.)